

ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ – жастарға жолбасшы

Өткен жұма күні университетте Президент Жолдауын халыққа насихаттау жөніндегі республикалық ақпараттық топпен кездесу өтті. Жүздесуге Парламент Мәжілісінің депутаттары Зағипа Балиева, Гүлнәр Ихсанова, Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті төрағасының орынбасары Қуаныш Асылы пен Алматы қаласы, Бостандық ауданы әкімінің орынбасары Серік Мәнізоров, сондай-ақ, университеттің бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев қатысты.

Мұхамбетқали Мырзабайұлы: «Құрметті жиналған қауым! Өзіндік ерекшеліктеріміз бен елдігімізді сақтай отырып, әлемдік қауымдастыққа сәтті ену жолында Елбасымыз қажетті Жолдау жасады. Жолдаудың негізгі ережелері мен басым бағыттарын университетіміздің Ғылыми кеңесінің мәжілісінде талдап, ғылыми ортада сарапқа салған едік. Бүгін де арнайы келген қонақтармен бірлесіп, маңызды Жолдауды студенттердің қатысуымен тағы да бір талқылау мақсатында жиналып отырмыз», – деді. Осыдан кейін бірінші проректор алғашқы сөз кезегін депутат Зағипа Балиеваға берді.

Мінберге көтерілген Зағипа Яхияқызы: «Егер баратын айлағын анық білмесе, кемеге де ешқандай жел бағытас соқпайды. Елбасымыз Жолдауын жылдағыдан бірер ай ертерек жолдады. Мұның өзіндік мәні бар. Қысқаша түйер болсақ, ол – саяси сезімталдық. Экономикалық қауіпсіздікті ерте болжамдаған Мемлекет басшысы бірнеше жыл бұрын ақшаны бюджетке емес, бейнелеп айтқанда, қауіпсіздік жастықшасына тықпалады. Енді қаржылық-экономикалық дағдарыс тағы да алқымдар сәтте сол кездегі алдын алу қадамының көрегендік болғандығы байқалып отыр» деп Жолдауға жалпылай тоқтала келе, еліміздегі көзделіп отырған жол-логистика саласына, оның жетістіктеріне назар аударып, әңгімесін туризмді дамыту мәселесіне әкеліп тіреді. Сондай-ақ, Жолдаудың әр блогына да жеке-жеке тоқталып өтті. Сөзінің соңын төзімділік, күш-қуат тілеумен аяқтады.

Келесі кезекте сөз алған депутат Гүлнәр Мұстахымқызы да Жолдаудың өз құзырет-саласына қатысты бағыттарына кеңінен талдау жасады. «Ақпараттық қоғамда адам өзінің білімімен ғана мақтана алады» деген депутат өткен заманның білімі мен оқыту әдісінің пайдалы жақтарын айта келіп, Жолдаудағы білім мен ғылымға баса назар аударылған



тұстарына жан-жақты тоқталды. Еліміздегі білім беру саласы төңірегіндегі түйткілді мәселелерді статистикалық деректермен толықтыра тізбектеген халық қалаулысы Елбасының аталған мәселелерді шешудің нақты жолдарын көрсетіп бергендігін баса көрсетті.

Өз кезегінде Қуаныш Жұмабекұлы да Жолдаудың негізінде ұлттық даму жатқандығын тілге тиек етіп, Жолдаудың жастарға нұсқар бағыты мен сілтер жолын адамзат тарихындағы түрлі ойшылдардың айтқандары мен жасап қалдырған істерінің деректерімен байыта отырып тарқатып берді.

Ақпараттық-насихаттық жұмыс тобының Жолдауды түсіндіруге байланысты баяндамаларынан кейін топ мүшелері жиналған жұртшылықтың, жастардың қойған сұрақтарына

жауап беруге көшті. Халық қалаулыларына қойылған сауалдардың қатарында халықаралық саяси-экономикалық ахуалдардың мемлекетімізге тигізер ықпалынан бастап, еліміздегі білім саласына, ішкі саяси жағдайларға, ел дамуындағы түрлі салалардағы жасалып жатқан яки жүзеге асырылуы көзделіп отырған реформаларға да қатысты сан алуан сұрақтар қойылып, олардың барлығына да жан-жақты жауаптарын алып, жұртшылық разы болып тарқасты.

Жиын соңында халық қалаулысы – депутаттық дәрежеге жете алған, халқына еткен еңбегімен танылып жүрген қос депутат Зағипа Яхияқызы Балиева мен Гүлнәр Мұстахымқызы Ихсанова «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 80 жыл» мерейтойлық медальдарымен марапатталды.

Бейбіт ТӨЛЕГЕНҰЛЫ

ИНДИКАТИВТІ ЖОСПАРДЫ ОРЫНДАУ МІНДЕТ

Еліміздің жетекші жоғары оқу орны ретінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлемдік үздік ЖОО рейтингінде алдыңғы қатардан көрінуді мақсат етеді. Осы бағытта ұжым нәтижеге бағытталған басқаруға көшіп, университет дамуының индикативті жоспарын қабылдағаны да белгілі. Университетте индикативті жоспарды жүзеге асыру бойынша ай сайын мониторинг жасалуда. Осы орайда негізгі қызмет бағыттары бойынша университет пен факультеттердің индикативті жоспарларының орындалу мониторингінің нәтижелері кеше өткен ректорат отырысында сөз болды.

Алғашқы болып мінбеге көтерілген Оқу жұмысы жөніндегі проректор Дархан Ахмед-Зәки оқу-әдістемелік жұмыс бойынша факультеттер нәтижелеріне тоқталды. Индикативті жоспарға сай кафедралар мен факультеттер көрсеткіштерінің бірқалыптылығын айта келе, ол қосдипломды білім беру бағдарламасын дамытудың, қосымша кәсіби білім беру бағдарламалары

тындаушыларының санын арттырудың, түлектердің жұмысқа орналасуы жөнінде оң баға берген жұмыс берушілердің қарасын көбейтудің маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар, ол оқу-әдістемелік жұмыс бойынша индикативті көрсеткіштерге қол жеткізу үшін жол картасының жасалғанын және онда тапсырмалар мен орындалу мерзімінің нақты көрсетілгенін жеткізді.

Жалғасы 2-бетте

«Мен жастарға сенемін!»

28 қараша күні әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған студенттердің «Мен жастарға сенемін!» атты II республикалық патриоттық фестивалі өз мәресіне жетті. Дәстүрге айналған аса ауқымды фестивальге республикамыздың түкпір-түкпірінен дарынды жастар – инновациялық жобалар мен шығармашылық туындылар авторлары жиналды.

Жалғасы 8-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

«ЕЛІН СҮЙГЕН, ЕЛІ СҮЙГЕН-ЕЛБАСЫ»



3-бет

БҮГІНГІ САНДА:

СОВРЕМЕННЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ КЛИМАТА КАЗАХСТАНА



4-стр.

БҮГІНГІ САНДА:

ТЕАТР «ЭЙДОС» ПРЕДСТАВЛЯЕТ!



7-стр.

БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Елбасының Қазақстан халқына «Нұрлы жол» атты Жолдауын жария ету кезінде сөйлеген сөзі жалпы зиялы қауымды ойландырмай қоймады. Мемлекеттің күші – оның ғылымы мен білімінде. Сондықтан, халыққа жолдауында ғылым мен білім беру саласындағы ең өзекті мәселелерді атап көрсетіп, алдағы атқарылуы тиіс шараларды белгілеп беріп, оның жүзеге асырылуы үшін экономикалық дағдарыстың кедергісін жою мақсатында ұлттық қордан бөлінген қаржыдан 100 млрд. теңгені осы бағытқа арнады. Бұл деген Елбасының мемлекеттің келешегі бүгінгі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың сапалы білім және саналы тәрбие алу үшін жан-жақты қамқорлық жасаумен ғана елдігіміздің мұратын нұрландырудың бірден-бір сара да кемел жол екенін көре білгендігі деп есептейміз. Әлемдік дағдарыс кез келген мемлекетке өз кесірін тигізеді хақ, одан саналы түрде қарапайым халыққа ауырғашылығын түсірмей, мүдірмей өту және сол арқылы кемел болашақтың негізін салу арқылы өскелең жас ұрпаққа терен

білім берумен әлеуметтік жағдайын жасау кезек күттірмейтін міндеттердің бірі екені баршамызға аян. Елбасының мол тәжірибесі және көрегендігінің айғағы «Нұрлы жол» Жолдауының дер кезінде халыққа жолданып отыр. Енді барша әлеумет қауым осы Жолдау аясына топтасып, әркім өзінің нұрлы да сәулетті әсем жолын жасау үшін еңбек етіп, өз үлесін қосуы қажет. Осы мақсатта білім мен ғылымның сара жолы біздің кафедрада да индикативтік жоспар негізінде айқындалып, тың істер басталып кетті. Жоспарлап атқарған істердің қашанда берері мол екені сөзсіз. Қазақста айтылған «жұмыла көтерген жүк жеңіл», «көппен көрген ұлы той», «бір жеңнен қол, бір жағадан бас» сияқты кең мағыналы қанатты сөздердің іс жүзінде жүзеге асырылуына кепіл болатын бұл Жолдаудың әрбір міндетін шешу жолында аянып қалмайық.

Е.А. АУБАКИРОВ,

физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасының меңгерушісі

НҰРЛАНА БЕР – «НҰРЛЫ ЖОЛ»

Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол» Жолдауын талдап, жігі де толықтай, тұжырымды да тиянақты түсіну мақсатында кафедра ұжымы толық қатыса отырып өткізілген мәжілісте біздің мамандық саласына қатысты тікелей бағытталған және байланысы бар салалар мен тұжырымдарға нақтылай тоқталып, жетік талқылаулар өткіздік.

Нақты айтқанда, Жолдаудағы Елбасымыздың бірінші тапсырмасына тоқталсақ, «Ұлттық қордан» экономикамызды көтеруге бір триллион теңге бөлу туралы шешім қабылданғаны, соның ішінде бірінші қосымшадан 100 миллиард теңге тамақ және химия өндірістерінің жобаларын іске асыруды қамтамасыз етуге жұмсауға бағытталса, ал үшінші тапсырмасында Атырау мен Тараз қалаларында «Ұлттық индустриялық мұнай химиясы технопарктерін» Жаңа инвестицияларды тарту үшін тиісті жағдайларды жақсарту мақсатында, 2015 жылға 81 миллиард теңге бағыттауды ұсынды. Осы мақсатта кафедра ұжымы тікелей атсалыса отырып, біздің профессорлық-оқытушы құрамы химия мамандықтары бойынша дәріс алып жүрген студенттер мен магистранттарға ұтымды түрде үлес қосу үшін, өзіміздің ықпалымызды тигізуге шешім қабылдап, үлкен ризашылығымызды білдіріп отырмыз.

Біздің химия және химиялық технология факультетінің химиялық физика және материалтану кафедрасының бір топ ғалымдары аталған бағыт бойынша өздерінің ғылыми-тәжірибелік жұмыстарын қарқынды жүргізіп келеді.

О.М. ДОСЖАНОВ,

химиялық физика және материалтану кафедрасының доценті

ДОСТОЯНИЕ РЕСПУБЛИКИ

Мир и стабильность – это общенародное достояние, подчеркнул Наш Президент. Единый конгломерат народов осилит те задачи, которые озвучены Главой государства в контексте Новой Экономической Политики Казахстана – «Нұрлы Жол». Новая Экономическая Политика «Нұрлы Жол» – решительный шаг на пути в число развитых стран мира. Словно солнечные протуберанцы, логистика транспортных магистралей высветит энергию казахстанцев, их деловую активность и патриотизм. Стержнем Новой Экономической Политики станет развитие инфраструктуры, отградно, что определены 10 вузов, центров образования, науки и производства. На материально-техническую базу этих учебных заведений выделено будет до 10 миллиардов тенге до 2017 года.

В этом движении вширь, безусловно, межэтничное согласие – наш попутчик. Мы должны беречь единство народа

Казахстана, ведь по мнению философа П.Я. Чаадаева: «Настоящая история народа начнется лишь с того дня, когда он проникнется идеей, которая ему доверена и которую он призван осуществить, и когда начнет выполнять ее с тем настойчивым, хотя и скрытым инстинктом, который ведет народы к их предназначениям». Уверена, что молодежь приведет страну к вратам стабильного будущего.

Государство открыло перед новым поколением все пути, Казахстан, только вперед! Единство, вера в молодежь, знания и науку, упорный труд – все это вместе составляет достояние Республики. Вместе с Первым Президентом мы – преодолеем, осилим нелегкую ношу, ведь она своя.

Г.К. Муқанова

к.и.н., доцент кафедры печати и электронных СМИ

Жалғасы. Басы 1-бетте

ИНДИКАТИВТІ ЖОСПАРДЫ ОРЫНДАУ МІНДЕТ

Ғылыми-инновациялық бөлім бойынша факультеттер нәтижелері туралы Ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректор Тілекқабыл Рамазанов баяндады. Ол ғылыми зерттеулерді гранттық, мақсатты бағдарламалық қаржыландыру, шаруашылық келісімшарттар жасау, Nature & Science, Thomson Reuters, Scopus базаларына енетін импакт факторы нөл емес журналдарға мақала жариялау, ағылшын тілінде танымал шетелдік баспаларда ғылыми монография шығару, халықаралық ғылыми конференция материалдарын жариялау, авторлық куәлік және өзге де бағыттар бойынша көрсеткіштерге кеңінен тоқталып, өткен жылмен салыстырғанда жоғары деңгейдің байкалып отырғанын жеткізді. Алайда мақсатқа жету үшін жыл соңына дейін индикативті жоспардың негізгі бағыттары бойынша қарқынды жұмыс жүргізу қажеттігін еске салды.

Тәрбие және әлеуметтік жұмыс бағыттары бойынша факультеттердің индикативті жоспарды орындау көрсеткішін Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Жаманбалаева саралады. Ол факультеттердің

инновациялық жоба негізіндегі шаралары, отандық және шетелдік БАҚ-тағы имидждік мақалалар саны, гранттар тарту мақсатындағы әлеуметтік жобалар, шәкіртақы тағайындау, эндаумент-қорын дамыту, жүлделі орындарға ие болған студенттер санын арттыру жөніндегі көрсеткіштерімен кеңінен таныстырып, оларды жақсартудың жолдарын ұсынды. Соның ішінде имидждік мақалаға қандай талаптар қойылатынына кеңінен тоқталып, жарқын мысалдарды алға тартты. Бұған қоса, индикативті көрсеткішті орындаудың жоспарымен таныстырып өтті.

Мәжіліс барысында ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанұлы: «Алға қойылған тапсырма айқын. Жол картасы жасалған. Енді оны жүзеге асыру ғана қалды. Жаңа мүмкіндіктерді әрқашан іздеу шарт. Біз алдымызға биік мақсат қойдық. Оған абыроймен жетуге тиіспіз», – деп ой қорытты. Сондай-ақ, өзге де өзекті мәселелер қаралып, оқытушы-профессорлар құрамы күн тәртібіндегі тақырыптар төңірегінде өзара пікір бөлісті.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

Экстремизм мен терроризм – өзекті мәселелер

Дінтану және мәдениеттану кафедрасының «Нұр» дінтанушылар клубының ұйымдастыруымен «Қазіргі кезеңдегі экстермизм және терроризм мәселелері» атты тақырыпта дінтану мамандығының студенттері арасында пікірталас өтті. Бұл сайыстың ерекшелігі 1, 2, 3 курстарда оқитын дінтану мамандығының студенттері бір-біріне өзара бәсекелес болып, пікір жарастырды. Ал 4 курс студенттері жиынға қазылық етті.

«Нұр» университеттік деңгейдегі дінтанушылар клубының отырысын Дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі А.Құрманалиева сөз сөйлеп, ашып берді. Сондай-ақ «Нұр» дінтанушылар клубының төрағасы С.Абжалов, оқытушылар Б.Бейсенов, Б.Мейрбаев студенттерге терроризм мәселесінің түпкі мән-мақсаттарын айқындап берді. Экстремизм және терроризм мәселесін талдауға арналған бұл жиын 3 бөлімнен құралды: I бөлім терроризм және экстремизм ұғымына қатысты сұрақтардан құралса, II бөлім үндістандық «Менің есімім Кхан» фильмін талқылауға арналды. Ал III бөлімде топтардың капитандары арасында пікірталас өтті. «Нұр» дінтанушылар клубы ұйымдастырған бұл жиын өте қызықты және жоғары деңгейде өтті. Әр топ өзіне қойылған сұраққа мұқият жауап берді және пікірлерін жоғары дейгейде дәлелдей білді. Сонымен бірге көрермендер тарапына да тақырыпқа қатысты сауалдар қойылып, олар да мәселеге байланысты

өз пікір-пайымдарын білдірді. Пікірталас нәтижесінде студенттер қауымы терроризм және экстремизм атты кеселдердің қалай пайда болатынын және салдары неге апарып соғатынын толыққанды түсінді.

Аса тартысты өткен болашақ дінтанушылар арасындағы бәсекеде жеңімпаздарды анықтау оңайға тиген жоқ. Десе де жарыс болған соң дара шапқан дарабоздардың белгілі болары сөзсіз. Қазылар алқасының шешімімен I орын 3 курс студенттеріне, II орын 2 курс студенттеріне, ал III орын 1 курс студенттеріне бұйырды. Жеңімпаздар мақтау қағаздарымен және дінтануға қатысты шыққан жана оқулықтармен марапатталды.

Жанна ҚАҢТАРБАЕВА,

дінтану және мәдениеттану

кафедрасының оқытушысы,

Елнұр ӘСКЕНҰЛЫ,

«Нұр» дінтанушылар клубының президенті.

Басымнан сипап, батасын берген

Желтоқсанның 1-і Отанымыздың ұлы мерекесі болып табылады. Бұл мереке – Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті күні. Осы мерекеге орай мен де өз тілегімді білдірсем деймін. Өйткені, біз, қазақ жастары – Тәуелсіз Қазақстанның үмітін артқан болашағымыз.

Мен Елбасы басымнан сипап, алақанымен қолымнан ұстаған сәтін әркез мақтан етіп жүремін. Елбасының қаламызға келуі бізге үлкен қуаныш болып, барлығымыз тағатсыздана күттік. 2005 жылы Елбасымыз біздің қаламыз Жаркентке келгенде, бүкіл жерлерімізбен орталық алаңға қарсы алу рәсіміне жиналды. Мен де анаммен бірге бардым. Әлі көз алдымда, салтанатты шерулер өтетін алаңға ел көп жиналған, бәрінің көңіл-күйлері көтеріңкі. Бір кезде

«Президент келді» дегенді естіп, бәріміз орталық трибунаға қарай бұрылып, Елбасының аудан жұртшылығына арнаған сөзін тындадық. Елбасы трибунадан түсіп, халықтың ортасымен аяндай жүріп келе жатты. Мен ол кезде 2-ші сыныпта оқитынмын. Президент біздің қасымызға келгенде анамның қасына келіп, анаммен сөйлесті. Әлі есімде, менің анам ұстаз болғандықтан шығар, ол кісіге «осы Қазақ елінің тыныштығы, еліміздің өрлеуі Сіздің арқанызда, біз Сізді қолдап, әрқашан

Сізбен бірге боламыз» деп шын жүрегімен ақтарылды. Президент жылы жүзбен күлімдей қарап, анамның жүрекжарды лебіздерін тындап, қоңыр дауысымен өз тілегін айтты. Содан соң маған бұрылып, басымнан сипап атымды сұрады.

– Нұртас, үлкен азамат болып, еліміздің абыройы ұлы бол, ел тізгіні сендерде болады, – деп ақ батасын беріп, тілегін айтты. Мен қазақтың ұлдарының ішіндегі ең бақыттысымын, мен Елбасының батасына көпшілік халық алдында ие болдым. Содан бері Елбасының аталы сөзі, алақанының жылуы менің өміріме қуат беріп келеді. Қазір мен Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің студентімін. Еліміздің болашақ дамуына қажетті мамандықтардың бірі –

биотехнологияны меңгерудемін.

Мен Елбасымыздың перзенті – Астананың құрдасымын. Мен және менің құрдастарым Тәуелсіз Қазақстанның Жалпыұлттық идеясы – Мәңгілік Елді басты бағыт-бағдар етіп, келешегі кемел нұрлы жолда күш-жігерімізді жұмсап, елімізді биікке көтеретін жаңа шырларға қол жеткіземіз.

Елбасының батасын алған мен де өз елімнің абыройын асқақтатуға барымды салатын боламын!

Нұртас ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
биология және биотехнология факультетінің 1-курс студенті

ЕЛІН СҮЙГЕН, ЕЛІ СҮЙГЕН – ЕЛБАСЫ



Бұл мерекенің «Тұңғыш Президент күні» деп арнайы заңмен бекітіліп, мереке күні ретінде өткізіліп отырғанына биыл үшінші жыл. Осы күннің мереке болып тарихта белгіленуінің өскелең ұрпаққа берері көп. Сондықтан да болар, мұндай мерекенің болғанына Қазақстан жұртшылығы риза болып, түрлі іс-шаралар ұйымдастыруда.

Соның бірі, 27 қараша күні философия және саясаттану факультеті жалпы және этникалық педагогика кафедрасының оқытушылары Р. Қасымова, Ә. Құдайбергенова, М. Шағырбаеваның ұйымдастыруымен өткізілген «Елін сүйген,

елі сүйген – Елбасы» атты мерекелік кеші. Мерекелік кеште студенттер Тұңғыш Президентімізге арналған өлең жолдарын оқыды. Сонымен қатар, Президент өміріне арналған «Перзент – Президент» атты қысқаша бейнебаян көрсетілді.

Іс-шара соңында, кеш қонақтары өздерінің жылы лебіздерін білдірді және қатысушылардың барлығын Тұңғыш Президент күні мерекесімен шын жүректен құттықтады.

Балшекер САЙЛАУБЕКҚЫЗЫ,
3-курс студенті, жалпы және этникалық педагогика кафедрасы

Тұңғыш Президенттің өмір жолымен танысты

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде оқитын Ауған Ислам Республикасының тыңдаушылармен бірге «Елін сүйген – Елбасы» тақырыбында кураторлық сағат өтті. №7 топтың тыңдаушылары Н.Ә. Назарбаевтың суреттерін көріп, отбасымен, Әлжан шешесімен түскен, бидай алқабында, зауыт, фабрикаларда жұмысшылармен, университетте жастармен кездескен суреттерін тамашалады.

Президенттің «Қызмет жолы», «Кітаптары», «Дәйексөздері», «Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен ашылған оқу

орындары» туралы өте көп мәлімет алды, Ауған тыңдаушылары сұрақтар қойды, содан кейін олар кафедраның ұйымдастыруымен өткізілген мерекелік шараға қатысты. Абдул Джалил Гүл Лайла Н.Ә. Назарбаевтың «Елім менің» өлеңін жатқа оқыды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған кеш жоғары деңгейде өтті.

Г.А. МОЛДАҒАЛИЕВА,
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы

ДЕНЬ ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА

Ежегодно 1 декабря в Казахстане отмечается день Первого Президента РК. Данный праздник имеет большое значение для каждого казахстанца.

Президент РК является создателем независимого государства РК. В своей деятельности Президент опирается на гражданское общество. Соответственно, институты гражданского общества поддерживают инициативы и политику главы государства. В настоящее время казахстанское общество развивается динамично, главной идеей является межнациональное согласие, защита прав человека, служение государству народу Казахстана. Эти идеи прямо связаны с институтом президентства.

Институт президентства был учрежден 24 апреля 1989 г. Академик НАН РК, д.ю.н., профессор С. Сартаев выступил с докладом об учреждении поста президента на заседании Верховного Совета в этот день.

Время показало, что президентская форма правления наиболее точно отвечает традициям и чаяниям казахского народа. Если обратиться к истории казахского народа, то мы можем видеть, что в течение более пятисот лет, а именно с момента возникновения казахского ханства в 1465-1466 гг. единоличное правление в виде ханской власти оказало наиболее благоприятное влияние на сохранение казахского народа.

В эпоху демократических преобразований главной фигурой политической системы становится глава государства, от которого во многом зависят темпы и характер осуществляемых реформ. Большинство зарубежных стран возглавляют президенты, которые в периоды политических и экономических кризисов во многих странах смогли стабилизировать ситуацию. Именно поэтому президентская форма правления является преобладающей в современных государствах, а институт президентства, обладающий

необходимыми качествами и потенциальными возможностями сплочения всего многообразного полиэтнического общества и обеспечения ответственности государственных органов перед народом, является наиболее приемлемым и оптимальным.

Роль Президента как символа и гаранта единства народа и государственной власти, незыблемости Конституции, прав и свобод человека и гражданина уникальна. Институт главы государства в Казахстане достаточно самобытен, что проявляется через его место в системе высших государственных органов. Президент не относится ни к одной из ветвей государственной власти, тем самым, обеспечивается его нейтральное равное отношение ко всем органам государства. Подобное положение позволяет избежать кризисных ситуаций в Казахстане и позволяет усилить контроль главы государства над всем механизмом в целом для ее слаженной деятельности в целях обеспечения прав и свобод человека, обеспечения порядка в обществе.

Нурсултан Назарбаев – Президент – Глава государства – Лидер Нации. Это значит, что Президента поддерживает народ Казахстана.

Следует отметить особенную роль Первого Президента РК – Лидера Нации Н.А. Назарбаева в становлении Казахстана как правового, демократического, социального государства с развитой экономикой, а так же в формировании национальной идеи и укреплении казахстанского патриотизма.

А. ИБРАЕВА,
д.ю.н., профессор,
Д. ТУРСЫНКУЛОВА,
к.ю.н., доцент

Қазіргі заманғы Қытайды зерттеу орталығы және шығыстану факультетінде «Жаһандану жағдайындағы Қытай: сыртқы саясаты және экономикасы» республикалық ғылыми-практикалық конференциясы өтті

Современные исследования климата КАЗАХСТАНА



В этом году подошел к завершению трехгодичный научно-исследовательский проект «Исследование формирования и схода устойчивого снежного покрова на территории Северного Казахстана в условиях глобального изменения климата по данным наземного и космического мониторинга», проводимый НИИ проблем экологии РГП «КазНУ имени аль-Фараби».

Особенностью данного исследования является использование данных не только наземного, но и космического мониторинга. Как известно, спутниковые снимки обладают рядом преимуществ –

оперативностью, регулярностью и широким пространственным охватом. Именно благодаря космической съемке была возможность получить, а впоследствии и проанализировать, более точные

данные. С помощью космической информации были зафиксированы границы распространения снежного покрова на обширной территории. Повторные снимки создали условия для изучения динамики изменения снежных площадей. Наличие снега на открытых безлесных участках определяется с большой достоверностью и точностью.

Оперативное картографирование снежного покрова и скорость отступления его границ в весенний период имеют большое значение для сельского хозяйства, поскольку информация о запасах влаги в почве определяет как сроки начала посевных работ, так и сорт засеваемых сельскохозяйственных культур. Для тех районов, где распространено отгонно-пастбищное животноводство, также необходимы сведения о снежном покрове, так как от него зависят начало весеннего и конец осеннего выпаса животных и их перегоны на новые пастбища.

Изучение снежного покрова также занимает важное место в современных исследованиях климата Земли, так как он влияет на климатические изменения и в то же время зависит от них, одновременно

воздействуя на характер развития атмосферных, гидрологических и почвенных процессов.

Во время проведения исследовательских работ специалисты рассмотрели и определили пространственно-временную изменчивость дат установления и схода снежного покрова на изучаемой территории в период с 1971 по 2008 г. Результаты говорят о том, что на большей части Северного Казахстана снежный покров образуется к середине ноября. И лишь в отдельные годы наблюдается отклонение от обычного режима. Что касается последних лет, то по рассчитанным трендам отмечается значимая тенденция образования снежного покрова в более поздние сроки.

Таким образом, в результате проделанной научно-исследовательской работы, благодаря использованию двух методов сбора информации, мы имеем достаточно четкую картину об интересовавших нас изменениях на территории Северного Казахстана.

А.А. СКАКОВА,

директор НИИ проблем экологии

ЖОЛДАУ

Баян ЕРМЕКБАЕВА,
Экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы, Еуразия халықаралық академиясының академигі,

«НҰРЛЫ ЖОЛ» - БОЛАШАҚТЫҢ БАҒДАРШАМЫ

Бүгінде бүкіл әлем саяси және экономикалық тұрақсыздықтың, қаржы-экономикалық дағдарыстың жаңа кәтерлеріне тап болуда. Мұндай жағдайды терең түсінген, жаһандық дағдарыстың шырғаланының шешуін табу жолдарын айқын көре білетін Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев экономикалық саясатты қайта бағдарлау қажеттілігін көрсетіп отыр. Қазақстанның Жаңа экономикалық



саясаты – «Нұрлы Жол» – ел экономикасының құрылымдық реформасын жалғастыра отырып, экономиканы қайта құруға бағытталған. Өз жолдауында Елбасы Жаңа экономикалық саясаттың өзегі ретінде – инфрақұрылымды дамыту аясын атап көрсетті. Оның ішінде жол қатынасының айрықша маңыздылығын көрсетуі бұл саланың экономикалық дамудың тиімді құралы екендігін дәлелдейді.

Білім саласындағы олқылықтарды жою мақсатында Елбасы Үкіметке бұл салаға қосымша 70 млрд. тенге көлемінде қаржы бөледі тапсырды. Мектепке дейінгі білім беру саласына да, үш жылдың ішінде қосымша 20 млрд. тенге қаржы бөлінетін болды. Еліміздегі 10 жоғарғы оқу орны индустриализациялау бағдарламасы аясында ғылым мен экономика салаларының байланысын қамтамасыз ететін және мамандар даярлайтын жоғары оқу орындары болып қабылданған болатын. Елбасы «Нұрлы Жол» Жолдауында бұл мәселеге де көрегендікпен қарап, 10 жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасын қалыптастыруға 2017 жылға дейін 10 млрд. тенге қаржы бөледі Үкіметке жүктеді. Мұндай қамқорлық, білім-ғылым саласына деген Президентіміздің ерекше назары, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ұжымының қызметіне жаңа серпіліс береді және жаңа белестерді алуға ұмтылдырады.

Қазақстан Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарынан бастап Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев шағын және орта бизнесті қолдау мәселесін ешқашан назардан тыс қалдырған емес. Бұл салаға Елбасы тағы да үлкен қамқорлық көрсетіп, Жолдауда несие алудың бұрын болмаған нәтижелі шараларын атап көрсетті. Кезінде Елбасының көрегендік саясатының нәтижесінде құрылған Ұлттық қор бүгінгі таңда тұрақты дамудың кепілі болып отырғанын бүкіл әлем мойындады. Қорыта айтқанда «Нұрлы Жол» Жаңа экономикалық саясат экономикамыздың дамуының қозғаушы күші және бағдаршамы дегіміз келеді. Жолдаудың мақсаты – адам өмірінің сапасын арттыру, әрбір қазақстандықтың өмірінің сапалы, ұзақ, жемісті болуы.

Мендігүл НОҒАЙБАЕВА,

Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент директоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

БОЛАШАҚТЫҢ ДАРА ЖОЛЫН КӨРСЕТКЕН ҚҰЖАТ

Еліміздің ірі интеллектуалдық-ғылыми әлеуетін құрап отырған ірі жоғары оқу орындарының көшбасшысы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың биылғы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауын Ғылыми Кеңес отырысында жан-жақты талқылап, көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру жөніндегі қызметін жандандырып отыр. Елбасы тапсырмасын орындау бағытында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылым, білім беру және инновациялық кластерді құру жолындағы қызметін дамыта береді. Мұның нақты көрінісі ретінде осы жылы «Алатау» инновациялық технологиялар паркі еркін экономикалық аймағын құрудың үшінші кезеңін университет базасы негізінде жүзеге асырудың басталғандығын атап өтуге болады. Жаңа Экономикалық Саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін білікті әрі заман талабына сай мамандар дайындауда ҚазҰУ білім беру жүйесін жаңғырту жұмыстарын белсенді жүзеге асырып келеді. Нәтижесінде ҚазҰУ-дың бүгінгі білім беру бағдарламалары еліміздің инновациялық экономикасын жүзеге асыратын жаңа мамандарды дайындау үшін модульдік ұстаным негізінде құзыреттілік, пәнаралық және проблемалық бағытталған оқыту тәсілдерін енгізген, барлық оқу бағдарламалары халықаралық агенттіктердің аккредитациясынан өткен оқу орны. Сонымен қатар, ҚазҰУ бүгінде БҰҰ-ның «академиялық ықпал» бағдарламасына қабылданған бірден-бір университет болып табылады. Осылайша, университет Президент атап өткен индустриализация бағдарламалары шеңберінде ғылымның экономика салаларымен байланысын нығайту және осы бағыттағы мамандар дайындау жолында нақты жобаларды жүзеге асырып отыр.

Елбасының шет елдік инвестицияларды тарту елімізге жаңа білім мен жаңа технологияларды тартуға бағытталуы тиіс деген ұстанымы бойынша мемлекеттік-жеке кәсіпкерліктің серіктестігін одан әрі дамытуға көңіл бөлу қажет. Бұл бағыттағы ҚазҰУ тәжірибесінде биылғы оқу жылында 700 орындық студенттер мен жас ғалымдарға арналған екі студенттер үйі пайдалануға берілді. Бұл – өз кезегінде Елбасының әлеуметтік бағыттағы саясатын жүзеге асырудың бір көрінісі. Сонымен қатар, жабық жүзу бассейнін, 1500 орындық студенттер үйін, «Ғылыми зерттеу институттарының зертханаларын», «Инновациялық кластер құрылымын салу» жөніндегі жұмыстар жоспарланып, ҚР Білім және ғылым министрлігімен бірлескен алғашқы қадамдар басталып та кетті.

Сонымен биылғы Жолдауда берілген нақты тапсырмалар ҚазҰУ ғана емес, еліміздегі басқа да ЖОО-лардың білім беру, ғылыми зерттеулер, инновациялар үштігінің бірлігі бойынша білікті мамандар дайындаудағы әлеуетін көтере түсуге үлкен мүмкіндік беретіні кәміл. «Нұрлы Жол» – біз қол созып отырған «Мәңгілік Елді» құруға апаратын айқын әрі тура ЖОЛ. Оны жүзеге асыру – әрбір азаматтың, әрбір ұжымның борышы.



■ Б. СОҚПАҚБАЕВҚА 90 ЖЫЛ

ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ



Ұлы ойшыл Диоген «Кітап оқуды қойған адам, ойлауды да қояды» деген екен. Сауатты әрі танымы кең ұрпақ тәрбиелеуде университетіміздегі «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасының маңызы зор. Айтулы жоба аясында ұсынылған қазақ әдебиетінің классигі, оның ішінде балалар әдебиетінің ірі өкілі Б. Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» романының орны ерекше.

Таяуда ғана ұйымдастырылып, филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті, қазақ тіл білімі кафедрасының оқытушылары Ж. Саткенова, С. Ақымбек, Л. Әлімтаева, Б. Құлжанова, Ә. Әміров, Д. Шакировалардың ұйымдастыруымен 3 курс студенттері арасында өткізілген «Тарихқа тағзым» атты дөнгелек үстел қарымды қаламгер Бердібек Соқпақбаевтың 90 жылдығына арналды.

Дөнгелек үстел барысында қазақтың маңдайына біткен біртуар азаматы, халық жазушысы, балалар әдебиетінің атасы Бердібек Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылығының оқырмандарына таныс емес кейбір сәттері жаңа технологиялар арқылы студенттерге көрсетілді. Инновациялық жоба бойынша ұсынылған «Өлгендер қайтып келмейді» туындысына Бердібек шығармаларындағы соғыс жылдары, балдырған балалық шақ, алғашқы өмір баспалдақтары, тұңғыш түйсіктер мен төрлетіп тұрып төмпештейтін тағдыр теперіштері, заман тынысына бүгінгі ХХІ ғасыр оқырмандары тарапынан баға берілді.

Ж. САТКЕНОВА,
филология, әдебиеттану және
әлем тілдері факультетінің оқытушысы

ХИМИЯ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ҮЛКЕН ЗАЛЫНДА ФИЗИКА-ТЕХНИКАЛЫҚ
ФАКУЛЬТЕТІНІҢ 101, 103-ТОП СТУДЕНТТЕРІ Б. СОҚПАҚБАЕВТЫҢ «ӨЛГЕНДЕР
ҚАЙТЫП КЕЛМЕЙДІ» ПОВЕСТІНЕ ҚОЙЫЛЫМ КӨРСЕТІЛГЕН БОЛАТЫН.

Жастар —
біздің болашағымыз екендігін
тағы да дәлелдеді



Әрине, осы бір тұста кез-келген адамға қызық болып көрінетіні жаратылыстану бағытындағы факультет қалайша мұндай үлкен жұмысты қорықпай жасады. Концертті бар факультеттер өткізеді, ал қойылымды көп көрсетпейді, тек гуманитарлық факультеттер көлемінде болмаса. Себебі — қойылым екі ән, бір би, бір көріністен емес, қойылымға келген адамның жүрегін баурайтындай күшінің болуы, адамды ойландырып, көңіліне бір керемет ой түйгізуі қажет. Міне, осы бір ойды белсенді студенттер көрсетуге тырысты және көрсете алды деп білемін. Келген әрбір адам бір қуанып, бір жылап алды. Өте әсерлі қойылым болды. Көп кісілер кітап оқуға уақытымыз жоқ дейтін болса, міне, бұл қойылым бір кітаптың мазмұнын бізге қызықтырып ашып берді. Қойылым басында әдеттегіше келген кісілер жанындағы адаммен әңгімелесіп, гүбір-гүбір дыбыстар естілсе, ал қойылым ортасында зал тып-тыныш кейіпте отырды. Мұның бәрі осыны өткізген жастарымыздың арқасы. Осы тұста қойылым авторы Иманқұл Мұсатқа, басты рөлдерді сомдаған Нұрсұлтан Сейіткерім, Сандуғаш Токтарбек, Арайлым Мұратқызы және Кәрімжан Жақыпқа үлкен алғысымды білдіремін.

Ф. Б. БЕЛИСАРОВА,
М.Ф.К., доцент

■ ЖАРҚЫН БЕЙНЕ

Библиография саласының білгірі

ӘБДІЛХАМИТ НАРЫМБЕТОВ — әдебиеттану ғылымының белгілі өкілі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, сыншы, библиограф. Елуінші жылдардан бастап әдебиет майданында белсенді еңбек еткен ғалымның әдебиеттану ғылымына қосқан еңбегі үнемі жемісті болды. Қазақ поэма жанрының зерттелуі, библиография, шежіре салаларын жасаудың, қалыптасып, өсіп-өркендеуі Ә. Нарымбетов есімімен тығыз байланысты. Ғалым қаламынан туған «Дәуір және поэзия», «Қазақ совет поэмасы — елу жылда», «Қазақ совет поэмасы», «Қазіргі қазақ поэмасы», «Қалижан Бекхожин творчествосы», «Қалижан Бекхожин» атты зерттеулері мен «Қазақ совет әдебиеті», «Сәкен Сейфуллин», «Ғабит Мүсірепов», «Зейнолла Қабдолұлы Қабдолов», «Шерияздан Елеуқенов», Серік Смайылұлы Қирабаев», Мүсілім Базарбайұлы Базарбаев» атты библиографиялық көрсеткіштері және «Әдеби өмір шежіресінің» (1917-1996) 5 кітабы, «Қазақстан Жазушылар одағына 60 жыл» (1994), «Қазақстан Жазушылар одағына 70 жыл» (2004) атты әдеби өмір шежірелері — бүгінгі әдебиеттану ғылымына қосылған салмақты еңбектер. Осы еңбектердің қайсысын алып оқысаңыз да, зерттесеңіз де мол білім бұлағына кездесесіз.



Бірақ, мен осы еңбектерінің ішінен ғалымның библиография саласының білгірі ретінде жазылған еңбектерін айтар едім. Библиографиялық еңбектерінің бір саласы — жоғарыда көрсеткенімиздей жеке тұлғаларға арналса, екінші саласы — қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші мен шежірелері. Жалпы, қай ғалым болсын, қай салада зерттеу жүргізсін, оның ең бірінші іздейтіні — сол зерттеу нысанасы туралы өзіне дейін не істелгені, кімдер зерттегені, қандай қомақты еңбектер жарияланғаны туралы ізденістерден бастайтыны даусыз. Сол кезде сізге көмекке келетін — библиографиялық көрсеткіштер. Әбділхамит Қуанұлы арнайы кітапханалық-библиографиялық білім алмаса да өз бетінше іздене жүріп зерттеп, әдебиеттің бір саласы

библиографияның дамуына қомақты үлес қосты. Оның көп жылдар бойындағы библиография саласында еткен еңбегінің жемісі — «Қазақ совет әдебиеті» «Әдебиеттану мен сынының библиографиялық көрсеткіші» (1917-1940), I томы 1970 жылы жарық көрді. Бұл көрсеткіш республика көлемінде ғана емес, шет ел ғалымдарының да назарына ілікті. Көрсеткіштің бірінші томы автордың көлемді ғылыми мақаласымен ашылып, 1917-1940 жылдарды қамтыды. Жалпы 5 томнан тұратын бұл көрсеткіш 1917-1966 жылдар арасын қамтыды. Екінші томы 1941-1955 жылды қамтып, 1986 жылы жарық көрді, үшінші томы 1956-1960 жылғы кезенді, төртінші томы 1961-1964 жылдарды қамтыды. Көрсеткішке 1917 жылдан бастап Қазақстанда және Қазақстаннан тыс жерлерде, қазақ және орыс тілдерінде басылып шыққан кітап, монография, газет, журнал мақалалары енген. Мысалы бірінші томына енген 1917-1940 жылдар еңбектері хронология тәртібімен берілген. «Әдебиеттану мен сынының тарихи өсу жолын көрсету үшін осы хронология әдісінің тиімді екеніне көзіміз анық жетті» дей отыра, әр жылдың ішінде «Мақалалар» деген атпен барлық баспасөз өнімдерінен алынған мақалалар беріліп келеді де, сонымен «Кітаптар» бөлімі беріліп отырған. Әр жылдың ішіндегі мақалалар да, кітаптар да алфавит тәртібін сақтаған. Ғалым: «20-30 жылдардағы газет, журналдағы мақалаларына, кітаптарға қол қойған авторлар фамилиясына «ұлы» деген сөзді жалғап бергені тарихтан аян. Яки фамилиясының орнына өз атын жазу да өте жиі ұшырайды. Сол кездегі тарихи кезеннің рухын, ерекшелігін сақтау үшін біз ол аттарды, фамилияларды өзгертпей сол күйінде бердік. Жалпы, библиографияның міндеті — баспа бетіндегі материалдарды ешбір өзгертпей, сол документтік күйінде сақтау ғой және бұл өзгертпей беру — сол материалды іздеушінің тез де оңай тауып алуына да қиындық келтірмейді. Ал сол кісінің аттарының қасына квадратты жақшамен оның фамилиясын да көрсетіп отырдық» деген тұжырымынан біз ғалымның библиографияның бар заңдылықтарын сақтап отырғандығын көреміз. Дегенмен, ғалым «Біз бұл библиографияға қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынына қатысты 1917-1940 жылдар арасындағы материалдарды мүмкіндігінше толық қамтуға тырыстық» деген ескертуіне қарамастан, біз сол кездегі

А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Ш. Құдайбердіұлы сияқты алыптарымыздың шығармаларын және олар туралы жазылған мақалаларды кездестірмейміз. Бұны, әрине, бз автордың тарапынан жіберілген олқылық деп қарастырмай, сол кездегі саясаттың үстемдігі деп түсінуге керек. Сонымен бірге, бірінші томының отыз бетін қамтитын ғылыми мақаласында автор көрсеткішті құрастыру барысында қандай мекемелермен жұмыс атқарып, фонддарын пайдаланғаны туралы да айтып кеткен.

Әрине, бұл библиографиялық көрсеткіш қазақ әдебиетін зерттеуші ғалымдарға, студенттерге, кітапхана мамандарына, сонымен бірге, жалпы зиялы оқырманға қызмет ете беретін ғылыми анықтамалық құрал болып әлі де сан жылдар қала бермек.

Ғалымның тағы бір осындай библиография саласындағы шоктығы биік еңбегі ол — 5 кітаптан тұратын «Әдеби өмір шежіресі». Шежіре 1917 жылдан бергі Қазақстан әдеби өміріндегі айтулы күндер, шығармашылық жетістіктер, тапсырылған сыйлықтар, бәйгі, наградалар, жалпы, әдебиетке қатысты барша жаңалықтардың хронологиялық тізбегі берілген. Библиографиямен қоса еңбектің анықтамалық та сипаты бар.

Әбділхамит Қуанұлы библиографиялық көрсеткіштер ғана жасап келген жоқ, ғалым қазақ библиографиясын дамыту жолдары және библиография саласымен айналысатын библиограф-мамандарды үздіксіз дайындап отыру керек екенін де айтумен келді. Салалық библиография, өлкетану библиографиясы, тарихи библиография, балалар библиографиясы сияқты салаларды қалай жасау керектігі жөнінде ғалым ретінде де өз ғылыми көзқарастарын білдіріп жүрді.

Ғылыми ізденістерге бастар ең алғашқы баспалдақ — библиография деп білсек, ғалым еңбектері келешек ұрпаққа берері мол, қазақ әдебиетінің тарихын зерделей отырып тауына жол сілтейтін бірден-бір бағалы еңбектер болып қала бермек.

Ғалым еңбегі де әлі сан ғасырға қызмет ете беретініне сенімдіміз.

Қоңыр МҰХАТАЕВА,
баспа ісі және дизайн
кафедрасының доценті

10 желтоқсанда химия және химиялық технология факультетінде Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романы бойынша «Қыз ғұмыры» атты спектакль өтеді



«Я ВЫПОЛНИЛ СВОЕ ПРЕДНАЗНАЧЕНИЕ...»

Булат Шалвович Окуджава (1924-1997 гг.) – русский поэт, композитор, прозаик, сценарист. Автор около 200 песен, написанных на собственные стихи, один из основоположников и наиболее ярких представителей жанра авторской песни.



о невзгодах своей семьи. До войны жил в Москве, Нижнем Тагиле, Тбилиси. В 1942 году из 9 класса добровольцем ушел на фронт, служил минометчиком, был ранен. После госпиталя был связистом. В 1945 году демобилизовался, работал, заканчивал 10 класс.

В 1950 году окончил филологический факультет Тбилисского государственного университета и два года работал учителем русского языка и литературы в деревне Шамордино Калужской области. В 1952 году перевелся в школу города Калуги, а в 1953-54 годах работал в издательстве областной калужской газеты "Молодой ленинец". В 1956 году вернулся в Москву. Работал редактором в издательстве "Молодая гвардия", зав. отделом поэзии в "Литературной газете", с 1962 года – член Союза писателей СССР.

Стихи писал с детства, первая песня "Нам в холодных теплушках не спалось..." появилась в 1943 году. Первая ставшая известной песня "Неистов и упрям..." была написана в Тбилисском университете в 1946 году. Песни "На Тверском бульваре", "Зелёная скамья" и другие появились тогда, когда он переехал в Москву в 1956 году. Строчка его песни "Союз друзей": "Возьмёмся за руки, друзья..." – стала девизом многих слётов и фестивалей, названием песенных рубрик. Песни Окуджавы звучат в кинофильмах, спектаклях, радиопостановках. Писал также историческую и автобиографическую прозу, киносценарии. В свое время вышли пластинки и книги стихов, песен, прозы, аудиокассета, компакт-диски как в России, так и за рубежом. 12 июня 1997 года скончался в Париже.

По мнению Булата Окуджавы, искусство исполнения произведений этого жанра заключается в умении выразить авторский замысел или хотя бы приблизить к нему, а не в мастерстве интерпретации. Свои стихи он назвал не иначе как

«городскими песенками», впрочем, это неудивительно, ведь большинство из них действительно становились текстами его песен.

Лирический герой Окуджавы тоже стремится будоражить человеческие умы. Его главное желание – сделать души людей более чуткими и отзывчивыми. Эта тема звучит в стихотворении «Полночный троллейбус». Это настоящее соединение одиноких душ создаёт ту общность, которую Окуджава в другой своей известной песне лирически трогательно назовёт «надежды маленький оркестрик под управлением любви». Влюблённый человек по Окуджаве готов навечно предаться великому таинству любви, забыв о сне. Но, безусловно, главный мотив любовной лирики Окуджавы – это поклонение любимой женщине, её обоготворение.

Хотя Окуджава творил в прошлом столетии, в его стихах зачастую заметна некоторая путаница времён, и это неудивительно – автор не раз сам называл себя поэтом XIX века. Окуджава стремится вернуться в «свою» эпоху, в которую он по случайности не попал, сочиняя исторические стихи. Например, «Батальное полотно» стало квинтэссенцией XIX века, в которой сошлись образы императора, генерала и свиты. Над ними же – вечное, неизменное небо, которое не меняется с течением времени.

Но никакая поэтика XIX века не скроет тревоги и боли окружавшего Окуджаву мира. Романтика былых сражений перемешивается с трагедией недавних событий: поэт был участником Великой Отечественной войны. На эту тему написано проникновенное стихотворение-песня «До свидания, мальчики». Названия и первые строчки песен рисуют войну как величайшую народную трагедию («Вы слышите, грохочут сапоги», «Простите пехоте», «А мы с тобой, брат, из пехоты»).

В послевоенные годы лирика Булата Окуджавы стала жизнеутверждающей и светлой, потому что он органично влился в движение шестидесятников. В последние годы творчества Окуджава осмысливает прожитое, возвращаясь к

истокам и вновь мысленно проходя свой путь. Он клянётся в верности своему двору (при этом, кстати, перенося понятие дворянства, тесно связанное с XIX веком, на современную почву). Одновременно он обнажает несовершенство окружающего общества, упрекает тех, кто стоит у руля общества. Автор с нескрываемой иронией рассказывает о дураках, имеющих привычку собираться голодными стаями и нападать на умных людей-одиночек, «белых ворон». В этом – груз жизненного опыта, желание учиться дальше у жизни и поделиться накопленными знаниями с другими людьми.

Что же можно сказать в целом о творчестве такого, безусловно, талантливое и оригинального человека, как Булат Окуджава? Его девиз – автор должен творить не на потребу публики, а выделять и показывать во всех красках окружающий мир. Поэтому он и призывает художников окунуть кисти «в свету дворов арбатских и зарю», фактически, приравнявая эти два понятия по высоте. Окуджава жаждет показать счастливых людей даже тогда, когда вокруг счастья явно не хватает. Свообразным идеалом искусства для поэта становится живописец Пирросиани, аскет, которому едва хватало денег на еду и краски на протяжении всей его жизни. Тем не менее этот художник всегда изображал жизнь в моменты ликования и праздника, творя во имя будущего. Финал стихотворения об этом живописце трагичен и призывает читателя к философским размышлениям. Булат Окуджава, который всегда придерживался принципа Пирросиани, составил целую эпоху. Он стал ярчайшей звездой лирического монотеатра, такую, какую не забудут никогда.

Пусть стихи и песни Окуджавы научат нас поверить в силу Любви, в хрупкость и одновременно силу нашего мира. В то, что только от нас, от наших устремлений, честности, доброты зависит тонкое равновесие... И пытайтесь понять Окуджаву, вы, возможно, впервые задумаетесь над значением слова мудрость...

С.С.СУЛЕЙМЕНОВА,
старший преподаватель кафедры довузовской подготовки ФДО

МУЗЫКА ДУШИ

Авторская песня для второй половины XX века стала символом альтернативной культуры. Появившись на стыке французского шансонье и русского романса, она напоминала своеобразный монотеатр, в котором автор должен выполнять одновременно роли поэта, композитора и исполнителя. Тем не менее, был и недолгий «золотой век», который подарил нам массу талантов, достигших вершин, недостижимых для их последователей. Ярчайшим примером подобного дарования стал Булат Шалвович Окуджава.

Лучше о своей музыке не может сказать никто, кроме автора: «Музыка укрепляет воздействие поэзии. И круг интересующихся ею разрастается, поэзия расходитя шире. Поэзия под аккомпанемент стала противовесом развлекательной эстрадной песне, бездуховному искусству, имитации чувств. Она писалась думающими людьми для думающих людей. Кто из фанатичных поклонников нынешних эстрадных кумиров вникает в смысл тех слов, что они поют? Поэты нашего поколения продолжают шуметь с переменным успехом и нынче. Когда придут новые? Через пять лет, или, может быть, завтра? А может быть, уже в данном сборнике звучит их голос? Поживем – увидим... (Булат Окуджава. "Наполним музыкой сердца",

М.: "Советский композитор", 1989 г., С. 3-4.)

Будучи полковым запевалой, в 1943 году на фронте сочинил первую песню «Нам в холодных теплушках не спалось». Главной особенностью его песен уже тогда можно было рассмотреть – он писал о войне глазами обычного парня. Его не раз критиковали за пацифистские мотивы в оценке переживаний молодого человека на войне. Однако всенародную славу Окуджаве принёс фильм Андрея Смирнова «Белорусский вокзал», в котором прозвучала лучшая песня поэта.

В авторской песне главным Булат Окуджава считает текст. Мелодия выполняет функцию музыкального аккомпанемента, служит для усиления лиричности звучания стиха. По мнению


Булата Окуджавы, искусство исполнения произведений этого жанра заключается в умении выразить авторский замысел или хотя бы приблизить к нему, а не в мастерстве интерпретации. Его девиз

*Давайте восклицать, друг другом восхищаться.
Высокопарных слов не стоит опасаться.
Давайте говорить друг другу комплименты –
ведь это все любви счастливые моменты.*

*Давайте горевать и плакать откровенно
то вместе, то поврозь, а то попеременно.
Не нужно придавать значения злословью –
поскольку грусть всегда соседствует с любовью.*

*Давайте понимать друг друга с полуслова,
чтоб, ошибившись раз, не ошибиться снова.
Давайте жить, во всем друг другу потакая, -
тем более что жизнь короткая такая.*

– автор должен творить не на потребу публики, а выделять и показывать во всех красках окружающий мир. Он стал ярчайшей звездой лирического монотеатра. Он верит в то, что только от нас, от наших устремлений, честности, доброты зависит тонкое равновесие мира.



Лучше могут сказать только его стихи:
«Виноградную косточку в теплую землю зарю,
И лозу поцелую и спелые гроздья сорву,
И друзей созову, на любовь свое сердце настрою.
А иначе зачем на земле этой вечной живу?»

В. ХМЕЛЕВСКАЯ,
студентка 4-курса факультета филологии,
литературоведения и мировых языков,
С. СЕЙДЕНОВА,
руководитель,
к.ф.н., доцент кафедры теории и методологии перевода

Бетті жүргізген әл-Фараби кітапханасының бас кітапханашы-менеджері Шынар МҰҚАШЕВА

Победители II республиканского патриотического фестиваля «Мен жастарға сенемін!» получили гранты на год бесплатного обучения в КазНУ



Ақтолқын Нұрланқызы Оразхан 1996 жылдың 29-мамырында Қызылорда облысы, Шиелі ауданында дүниеге келген. Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатының түлегі. Ес білгелі өмірін

өлеңмен байланыстырып, әдебиетпен тыныстап келеді.

Сондай-ақ, біршама жыр сайыстарының жеңімпазы.

Бүгінгі күні Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 2-курс студенті.

ҰНАТАТЫН СИЯҚТЫ...

Бұтағыннан көктемде жыр ататын,
Күз боп келіп әлемді жылататын.
Ей, тағдырым!

Өзімсінген өзегің өртке толып,
Сияқтысың сен мені ұнататын.

Білем, білем! Келмейді-ау мойындағың,
Қалам ба деп ұтылып уайымдадың.
Ұнатам деп жүйкеме тие берсең,
Ойлайсың ғой болар деп ойындағың.

Әттең, әттең!
Зәру болып әніне түлегіңнің,
Жалынарысың алдында тілегімнің.
Тоқтатсаң да қанымды, тоқтамайтын

Дүрсіліне шыдамай жүрегімнің.
Аласың да отынмен жылындырып,
Жүргендей боп кетесің ұрындырып.
Іштей мені құшақтап көтересің,
Өтіріктен сырт көзге сүріндіріп.

Көңілімнен құсымды ұшырасың,
Сөйте тұра, гүлдіңді ұсынасың.
Әлде мені шынайы сүйесің бе?
Онда неге айтуға қысыласың?!

Өзің сыйға тартатын таңдарымды,
Мандайымнан сипалап атырасың.
Ех, өмірім,
Сен осы қатырасың?!
Тілейсің ғой күні-түн бақытымды,
Мұны неге бәрінен жасырасың?!

Онда бәрін қабылда наласымай,
Өзің неге ұнатып қаласың-ай.
Енді мәңгі сүйеге мәжбүрлеймін,
Оған себеп:
Мен де сені ұнатам, дәл осылай!

ҚИЯЛДАП ЖҮРМІН...

Ағып барамыз тағдырдың толқыныменен,
Теңізімізді сезімге толтырып өлең.
Тілдері жылжып өмірдің секундтар сайын,
Күндерім өтті өкініш қалдырып ерен.

Түсінбей жүрмін...Әлі де түсіне алмадым,
Жақындамайтын, күлмейтін мүсін арнамым.
Қалауын таппай қалықтап бұлттар үйіне,
Қыдырып кеткен жанымды түсін, ардағым.

Болашағыма бастайтын ту ала келген,
"Балалығым" боп оралып сияма келген.
Өтіп кетіппін, байқамай бал шаттығымнан,
Себепсіден себепсіз қуана берген.

Қиялдарымнан қайта алмай көз ілдім делік,
Айналаманнан, адамнан безінгім келіп.
Тағдырымды түсінбей теңселіп жүрем,
Белгісіз бір жылуды сезінгім келіп.

Шатасып кеттім арнамым ағылғандықтан,
Сезімдеріме сын-айып тағылғандықтан.
Шетін-шегін байқамай қиялдап жүрмін,
Осының бәрі үйімді сағынғандықтан!

КЕШПРЕ АЛСАҢ...

Түсініксіз...бәрі де түсініксіз,
Түсініксіз сезімді пісіріппіз.
Көздерімде тұрады шексіз күлкі,
Жүрегімде болса да үсірік күз.

Өкпе-назын жүрегім жияды бүгін,
Өз-өзімді ренжіткен сияқтымын.
Жақындарым жаныма артып берген,
Үміттердің алдында ұяттымын.

Өткен күннің мерейін өсіріңіз,
Өкінішті тұстарын өшіріңіз.
Қалып қойған қиялдың ортасында,
Жүрегімді, жанымды... Кешіріңіз.

Тимесінші ешкімге кесіріміз,
Шығып жатыр шарадан кеш үніміз.
Өтінемін, өстіген өмірімді
Кешіріңіз, жай ғана, кешіріңіз...!

ТІЛ ТУРАЛЫ

Өзгерпейтін өлшемі көп жыр кейпін,
Ешуақытта ұлтсыз өмыр сүрмейтін.
Бар әлемді бөлейтұғын бақытқа,
Құдіретті күш бар еді "тіл" дейтін.

Ол әрдайым жоғарыда тұратын,
Санамызда сән-салтанат құратын.
Адамдарға қасиет боп орнаған,
Халқымыздың орындаушы еді мұратын.

Дегенменен, тілімізді талады,
Туған ұлты тым жатсынып қарады.
Ана тілім – аспандатқан айбыным,
Абайсызда азып-тозып барады.

Жастарыңның білінеді жастығы,
Қастарыңның өтіп жатыр қастығы.
Бағаланып бостандықтың бас құны,
Тасыса екен тулаттырып тезірек,
Туған тілдің торға түскен тасқыны!

ТЕАТР «ЭЙДОС» ПРЕДСТАВЛЯЕТ!

Студенческий театр КазНУ им. Аль-Фараби «Эйдос» каждый год радует зрителей новыми спектаклями, полными искрометного юмора и, в то же время, глубокого смысла. В этот раз в рамках фестиваля «Солнечный Круг» на камерной сцене ТЮЗа им. Н. Сац «Эйдос» представил два новых спектакля: мюзикл «Аптека счастья» и «Пока ждёт автомобиль» по новелле О. Генри.

Авторами «Аптеки Счастья» являются студентки третьего курса факультета журналистики нашего университета: Эльвира Абдусалымова и Екатерина Лейман. Подруги, талантливые девушки – они не только написали сценарий мюзикла, но и сыграли в нем.

Спектакль поднимает актуальные проблемы современной молодежи, воплощенные в образах персонажей мюзикла. Здесь показаны и заикленность на собственных комплексах, и излишняя мнительность в отношениях, чрезмерное стремление к учебе и зависимость от социальных сетей. Каждый персонаж мюзикла индивидуален, и в том, без сомнения, огромная заслуга актеров, воплотивших их на сцене. Кульминация спектакля – песня шести героинь на мотив всемирно известной композиции из мюзикла «Чикаго». Каждая девушка говорит о своей проблеме, и каждая обвиняет доктора в том, что он не смог ей помочь, не задумываясь над главным вопросом: «А вдруг проблему только я сама смогу решить и помочь себе?»

Все тексты песен написаны Катей и Эльвирой на музыку известных композиций:

здесь и «Чикаго», и «Ирония Судьбы», и «Stop» Sam Brown, и Beyonce. Стоит отметить, что хореография мюзикла заслуживает высшей похвалы: точный синхрон, изящность движений, соответствие музыке. Нет ни одной неточности – сказываются постоянные репетиции на протяжении долгого времени.

Ребята проделали огромную работу – и это здорово, что наши студенты творят на сцене самое настоящее волшебство, воплощая образы, сошедшие со страниц сценария, перед зрителями.

Также в рамках фестиваля «Эйдос» представил еще один спектакль: «Пока ждёт Автомобиль» по одноименному рассказу О.Генри. Повествование ведется от лица самого автора новеллы, пришедшего в вечерний парк. Как ни странно, но огромное значение в спектакле приобретают персонажи, которых сам О.Генри даже не упоминал в своем рассказе: это дворники, знающие всё о тех, кто любит прогуливаться по парку; это фотографы, охочие до снимков известной голливудской актрисы; это взбалмошный герцог и его доведенная



до сумасшествия жена. Так новелла О.Генри заиграла со сцены ТЮЗа новыми красками – мы добавили музыкальные и танцевальные вставки. Нельзя не отметить сногшибательных красоток-официанток, покоривших зрителей своими танцевальными па, и, конечно, колоритных дворников, высмеивающих маски главных героев, их стремление казаться быть теми, кем они не являются.

После последней сцены «Пока ждёт автомобиль» на камерную сцену поднялись все актеры студенческого театра «Эйдос». Это студенты разных факультетов: журналисты,

историки, политологи, химики, филологи – абсолютно разные и непохожие, но объединенные стремлением привнести в нашу жизнь искусство. Для них «Эйдос» не просто театр – это общий дом, который продолжает строиться общим трудом.

«Эйдос» - это большая, дружная, творческая семья.

Лариса НОДА,
*ст. преподаватель журфака,
художественный руководитель театра
КазНУ «Эйдос».*

**Әскери кафедрада құрылымдық бөлімшелер арасында
волейбол бойынша жарыс өткізілді**

«Мен жастарға сенемін!»

Әл-Фараби кітапханасында өткен фестивальдің салтанатты ашылу рәсімі ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевқа арналған көрмені тамашалаудан басталды. Жиынды ҚазҰУ-дың Бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев ашып, Отанға деген сүйіспеншілікті ту еткен дүбірлі бейгеде жастар арасындағы инновациялар мен шығармашылықты қолдаудың басты мақсат екендігін жеткізді. Ел ертені мен игілігі үшін әрбір жастың өзін-өзі жетілдіруі, азаматтық ұстанымы берік тұтғы болып қалыптасуы міндетті. Бұл ойды қатысушыларды Алматы қаласы әкімі атынан құттықтаған әкімнің орынбасары Зәуреш Аманжолова да нықтай түсті. «Қазақстанның Тұңғыш Президенті күні – жастар үшін, алматылықтар үшін, жалпы еліміз үшін айтулы мереке. Ол үлкен мақтанышпен, ерекше жылулықпен қарсы алынады. Өздеріңіз білесіздер, Алматы қаласы – тәуелсіздігіміздің төл бесігі. Бұл жерде Егеменді Қазақстанның Тұңғыш Президенті әлемдік қауымдастықтың алдында жана мемлекеттің туғандығын жария етті. Сондықтан, мұндай көлемдегі патриоттық жастар фестивалін Алматыда, еліміздегі жетекші оқу орны – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өтіп жатқандығы ерекше қуанталады», – деді Зәуреш Жұманалиқызы. Сонымен қатар, ол Елбасының Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы рөліне кеңінен тоқталып, жастарды еліміздің болашағы үшін талмай білім алуға, үздік болуға шақырды. Сондай үлгі боларлық жастардың бірі ретінде ол қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш әлем чемпионы Назым Қызыбайды атады. Осы тұста замандастарына арнап сөз сөйлеген чемпион қыз бүгінгі күні жастарға деген сенім мен қолдаудың зор екендігін жеткізді. «Мен өзім қарапайым отбасынан шыққанмын. Осындай дәрежеге жетіп отырғаным үшін Елбасыға рахмет айтамын. Қазақстанда спорттың дамуы үшін көптеген спорт мектептері ашылуда. Еліміздің болашағы – жастардың қолында. Біз спорт арқылы ел туын биікке көтеріп жатсақ, Сіздердің Қазақстанның атын білім жағынан шығаруларыңызға тілектеспін», – деген Назымның сөздері залда отырған жастарды жігерлендіре түскені айқын сезілді.



құндылықтарға негізделген парасатты қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға өз үлесін қосып отыр», – делінген хатта.

Жиынның қорытынды сәтінде көпшілік назарына ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев туралы документалды фильм ұсынылды. Бірінші проректор Мұхамбетқали Мырзабайұлы: «Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «жастардың еліміздің шешуші күші» екендігіне үнемі назар аударып келеді. Сондықтан, әрбір жас алдына: «Мен елімнің гүлденуі үшін не істей аламын?» – деген сауал қояр болса, тәуелсіздігіміз баянды болып, еліміздің әрқашан жетістікке жетері даусыз», – деген оймен жиынды аяқтады. Әрбір жастың кеудесінде ертеңге деген сенімді нығайтқан келеді жиыннан соң, фестиваль тақырыптық шығармашылық секциялар жұмысына жалғасты.

«Студенттік инновациялық жобалар» секциясы жастардың мүмкіндіктерін ашқан маңызды бағыттың бірі болды. Мысалы, байқауға қатысқан Халықаралық IT-университетінің 3-курс студенті Мұратхан Батырханнның жобасы RePaier деп аталады. Оның жобасы мақалатураны қабылдап, оның салмағына байланысты ақысын төлейтін автомат жасауға негізделген. Оның айтуынша, әлемде мұндай құрылғы жоқ. Сондықтан, оның жобасы барлық жағынан инновациялық болып табылады. Осы технологияның көмегімен мақалатура қабылдау процесін он, тіпті жүз есеге жылдамдатуға болады екен.

«Студенттік проза» секциясы бойынша «Мен өз елімнің гүлденуі үшін не істей аламын?» атты студенттік эссе байқауының актық кезеңінде 68 қатысушы бақ сынасты. Қазылар алқасы байқауға ұсынылған шығармалардың үздігі қандай талаптар негізінде анықталғанын қатысушыларға түсіндіріп, өз тәжірибелерімен бөлісті. Жастар өздерін мазалаған тақырыптар төңірегінде ойларын ортаға тастап, пікір бөлісті. Семей қаласындағы Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университетінің студенті Назерке Емилова былай дейді: «Мен Абай, Шәкәрім, Мұхтар сынды ақын-жазушыларымыздың отаны киелі Семейден келіп отырмын. Фестиваль туралы айтатын болсам, толқулар болды. Біз теледидардан

көріп, газеттерден оқып жүрген журналист, ақын-жазушы ағаларымызбен бас қосып, өз ойларымызбен бөлістік. Бұл – біз үшін үлкен тәжірибе. Осындай фестивальдер жиірек болса, жастар әрқашан өзін көрсете алады деп ойлаймын».

Ал «студенттік поэзия» секциясында іріктеуден өткен 80 жас есімі елге танымал ақындардан құралған қазылар алқасының алдында өз өлеңдерін оқыды. Тамаша тебіреніс, өлең оқу алдындағы қобалжу, өнерінді бағалау сәтінің өзі өзгеше әсерге бөлейтін болса, осы сезімді әр қатысушы басынан өткерді. «Поэзия бағыты бойынша қатысқан студенттер бірінен-бірі өткен талантты, өткір тілді, қара сөздің қадірін білетін жандар екендіктерін танытты. Мағжан сенген жалынды жастар – ұлтымыздың ертені, егеменді еліміздің тірегі екені сөзсіз. Жалпы дәстүрге айналған шара өте жоғары деңгейде өтуде және ол жастар арасында үлкен қарым-қатынас көпірін орнатты», – дейді байқауға қатысқан І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің студенті Кәмшат Мұхамеджан.

«Патриоттық әндер» секциясында әрбір қатысушы еліне, жеріне деген сезімін ән арқылы жеткізуді мақсат етті. Олардың өнерін тыңдаған еліміздің белгілі әншілері фестивальге қатысушы жастардың шығармашылығына жоғары баға берді. Өскемен қаласынан келген Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ студенттерінен құралған «Қыран» тобы мұндай үлкен байқауға алғаш қатысып отырғандықтарын айтты. Осы байқау тұсауын кескен топтың мүшелері: «Қазақ ұлттық университеті ұйымдастырып отырған фестиваль өте жоғары деңгейде өтуде. Біз патриоттық сезімімізді ән арқылы жеткізуге тырыстық. ҚазҰУ студенттері мен ұжымы өте қонақжай екен. Қалашықтың көркі көз сүрінтеді. ҚазҰУ көркей берсін!» – деп жүрекжарды тілектерін жеткізді.

Сондай-ақ, фестиваль аясында қатысушылар «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығымен, ҚазҰУ-дың студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмысымен, 80 жылдық бай тарихы мен дәстүрі бар университеттің мұражайымен және студенттік инновациялық жобалар көрмесімен танысып, мол мағлұмат алды.

«Мен жастарға сенемін!» атты II республикалық патриоттық фестивалі ұйымдастыру комитетінің атына еліміздің 60-тан аса жоғары оқу орнынан 1000-ға тарта жұмыстар келіп түскен болатын. Олардың ішінде ерекше авторлық жобалар мен шығармалар, сондай-ақ, ұжымдық еңбектер бар. Алғашқы іріктеу кезеңінің нәтижесінде 350 үздік жоба мен шығарма таңдалды. Іріктеу талаптары өте салмақты деңгейде қадағаланды. Байқауларға қатысушылар ұсынған туындылардың шынайылығы, шешімдерінің ерекшелігі, ойлау қабілетінің ұшқырлығы, тұжырымдылығы, шығармашылық әлеуетінің басымдығы ескерілді.

«Мен жастарға сенемін!» патриоттық фестивалінің гала-форумы Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында ҚР Мемлекеттік туын салтанатты түрде ортаға әкеліп, Мемлекеттік Әнұранымыздың әуелете шырқалуымен бастау алды. Алғашқы болып танымал жас әнші Малика Есмұханбетова «Өмір-бәйге» әнін орындады. Бұл тамаша көңіл-күйді әнші, Қазақстан Жастар одағы «Серпер» сыйлығының иегері, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Гүлнұр Оразымбетова «Туған ел» әнімен жандандырып жібергені рас. Әсем әннің әдемі әуенінен кейін кезек алған ҚазҰУ-дың «Бақыт» студенттік би ансамблі мың бұрала билеген әдемі биімен жүректі баурап алды. Ал туған ел мен жерге деген құрметін, болашаққа деген зор сенімін биімен өрнектеген Қазақ ұлттық арнарлық университетінің «Гүлбану» би ансамблі көтеріңкі көңіл-күйге әсем үн қосты.

Сонымен, «Мен жастарға сенемін!» патриоттық фестивалінде жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан студенттер әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да бір жыл тегін оқу гранты сертификаттарына және арнайы сыйлыққа ие болды. «Менің ел дамуына қосқан нақты үлесім» атты студенттік инновациялық жобалар байқауы бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті Ерасыл Ерланұлы, «Мен өз елімнің гүлденуі үшін не істей аламын?» атты студенттік эссе бойынша Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті гуманитарлық-педагогикалық факультетінің 4-курс студенті Нұрбек Ақпанбетов, «Мен жастарға сенемін!» студенттік поэзиялық азаматтық-патриоттық шығармалар байқауында жалынды жыры мен ақындық таланттымен Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенті Сәрсенхан Батырхан, «Мәңгілік ел – мұратым!» патриоттық ән байқауы бойынша Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының студенті Айгерім Тәжі патриоттық фестивальдің жеңімпазы атанды. Осы орайда байқау жеңімпаздарының бірі Сәрсенхан Батырхан: «Сайыс өте жоғарғы деңгейде өтті. Ұйымдастырушыларға үлкен рахмет! Бұл әр жастың жүрегіне ұлттық құндылықты сіндірген шара болды деп ойлаймын. «Адалдықтың бәйгесіне атынды қос, озаң да, озбасаң да олжалысың!» дегендей, әр жасқа өмірде табыс тілеймін!» – деген ниетін жеткізді.

Патриоттық жастар фестиваліне қатысқан әрбір жастың жүрегіне ел игілігі үшін өзін-өзі жетілдіруге, қалыптастыруға ұмтылыс жатқаны байқалды. Ал олардың шығармаларында жастардың тәуелсіз еліміздің болашағын құруға қоса алатын нақты үлестері көрініс тапты. Жастарға жана серпін берген фестиваль көтеріңкі көңіл-күймен «Жастар – party» мерекелік кешіне ұласты.

Әйгерім ӘВЕЗХАН



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактордың міндетін атқарушы: **Бейбіт МЕКЕЕВ**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver-gazeti@mail.ru**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Гамма-принт» баспаханасында (Райымбек даңғылы, 369) басылды.
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс №1519

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.